

**У. Шапақ**

ҚазГЗУ, Ұлттық құқық жоғары мектебінің директоры,  
з.ғ.д., профессор

## **Оралмандардың әлеуметтік бейімдеуді ұйымдастырудың құқықтық проблемалары**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 7-бабының 2 абзацында тұңғыш рет мемлекеттің көші-қон саясаты туралы конституциялық норма енгізілді [1]. Сонымен осы норманың 3 абзацында Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Республика территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар территориясында тұратын қазақтардың өз территориясына қайтып оралуы үшін жағдай жасайтындығы жайлы норма кіргізілген және күні бүгінге дейін нәтижелі жұмыс жасап келеді.

Қолданыстағы Конституцияның 21-бабында әркімнің еркін жүріп-тұру, келу және тұрғылықты жерін таңдау, елден кедергісіз шығу және қайта оралу құқықтары бекітіліп және көші-қон үдерістерін реттейтін халықаралық нормативтік құқықтық актілермен сәйкестендірілген [2].

Қазақстан Республикасы 2002 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Көші-қон жөніндегі

халықаралық ұйымға мүше болып енді. Қазақстан Республикасының Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның толық құқықты мүшесі ретінде 1954 жылғы 30 қарашада күшіне енген Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның Конституциясын қабылдаған [3].

2011 жылы 22 шілдеде «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңы қабылданды. Аталған нормативтік-құқықтық актілер Қазақстан Республикасының көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайтын құқықтық база болып табылады [4].

Қазақстан Республикасына көшіп келетін қазақтардың тарихи отанына оралуына келесі себептер негіз болады: өзінің ұлттық бірегейлігін сақтау ниеттері, әскери жанжалдар салдары және өсетін ұрпағын ұлттық ортаға бейімдеу.

Қазақстан Республикасында оралмандарға арналған бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету үшін бейімдеу орталықтары құрылатындығы туралы заңда көрсетілген імен барлық облыс орталықтарында бейімдеу мұндай орталықтар жоқ.

Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тұруының тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ оларға бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетудің тәртібін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтындығы жайлы заңда көзделген.

Алайда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылы 4 қарашадағы «Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында тұруы және қағидасы мен мерзімі» туралы №582 бұйрығы, Оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында бейімдеу және кіріктіру қызметтерін көрсету қағидасы шықты [6].

Бүгінгі таңда көші-қон қызметі Ішкі істер министрлігінің құзыретінен босады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында оралмандарға арналған бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету сапасына өзгеріс енетін болар.

## **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. <http://www.adilet.gov.kz>

3. Қазақстан Республикасының Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымға мүше болуы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2002 жылғы 15 қараша N973. <http://www.adilet.gov.kz>

4. Халықтың көші-қоны туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы. <http://www.adilet.gov.kz>

5. Қазақстан Республикасындағы оралмандардың, азаматтығы жоқ адамдардың және босқындардың құқықтарының ахуалы туралы арнайы баяндама. 138 бет. <http://www.adilet.gov.kz/node/37772>

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2011 жылы 4 қарашадағы № 582 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 желтоқсанда № 7323 тіркелді. <http://www.adilet.gov.kz>